

"Ұлан" мемлекеттік сыртқы сауда компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 7 желтоқсан N 1220. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.02.13. N 194 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметін ұйымдастыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 31 шілдедегі N 1311 Жарлығын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 тамыздағы N 717 қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің "Тіреу" республикалық сыртқы экономикалық бірлестігінің негізінде "Ұлан" мамандандырылған мемлекеттік сыртқы сауда компаниясын ("Ұлан" МСК) құру туралы шешімі мақұлданын.

2. Құпия.

3. Құпия.

4. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі "Ұлан"

МСК-інің өтінімі бойынша оны қажетті техникалық құралдармен, телефон, телекс, телефакс, соның ішінде халықаралық байланыс арналарымен қамтамасыз ететін болсын.

5. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары "Ұлан" МСК-іне жүктелген міндеттердің жүзеге асырылуына жан жақты жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК